

ПРОЗАЛЫҚ МӘТІННІҢ АУДАРМАТАНУ ҒЫЛЫМЫНДА ҚАМТЫЛУЫ

Сембаева Айдана Қасенқызы

sssembayeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Аударма ісі» мамандығының
1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Төлеубаева А.М.

Аударма мәселелері шет тілдерден ана тіліне аудару, ана тілден шетел тілдеріне аудару, әсіресе тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі аз уақыттың көлемінде бірден бір маңызды салалардың бірі болып саналатыны рас. Тіліміздің кең етек жаюына аударма саласы айтарлықтай үлес қосатыны белгілі. Жалпы алғанда тіл ғылымы саласында аударма мәселесі жан-жақты зерттеліп, бұл туралы көптеген теориялар мен тұжырымдар жасалып, жұмыстар атқарылуда.

Ұлт әдебиетінің әлем жұртшылығына рухани олжа салуы ел мерейін асырады. Оның үстіне әдебиеттің озық үлгілері арқылы өзге халықтар біздің де бүкіл болмысымызды, әдет-ғұрпымызды, салт-санамызды танып біледі. Ең бастысы, тың ізденістердің нәтижесінде қазақтың өткен ғасырдағы аудармашыларының өмірі мен әдеби жұмыстары бүгінгі күн талғам-таразысы тұрғысынан бағаланып, көркем аудармада әдебиеттердің ішкі байланысын жақындастыра түсетін маңызды сала екені ғылыми тұрғыда дәлеленуде. Аударманың өзекті мәселелеріне тоқталып, қазақ прозасын орыс тіліне, ағылшын тіліне немесе өзге тілдерден аударудың өзекті мәселелеріне арналған еңбектер көптеп көрініс табуда. Осы орайда, қазіргі аударматанудағы тың жаңалықтың бірі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыты болып саналатын, таяу арада ғана «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасының аясында жарық көрген, қазақ әдебиетінің үздік жауһарларын қойнауына жинаған - «Қазіргі қазақ әдебиетінің антологиясы». Қазақтың әдеби шығармалары БҰҰ-ының ресми 6 тіліне тәржімаланды. Антология екі жинақтан тұрады. Біріне проза, екіншісіне поэзия шығармалары топтастырылды. Әр антологияның көлемі шамамен 500 беттей, әрқайсысына 30 отандық автордың таңдамалы шығармалары енді. Осылайша тұңғыш рет 60 қазақстандық автордың таңдаулы туындылары бір мезетте әлемге паш етілді. Атап айтсақ, антологияда Шерхан Мұртаза, Қабдеш Жұмаділов, Әбіш Кекілбайұлы, Оралхан Бөкей, Дидар Амантай пен Әлібек Асқаровтың ең таңдаулы шығармалары бар. Біздің мақсатымыз антологияға енген қазақ прозасын жанрлық тұрғыдан қарастыру болып табылады.

Жалпы прозалық мәтін (көркем әдебиет)- эстетикалық ақпаратты жеткізуге арналған мәтін болып табылады. Прозалық мәтіннің аударылу мәселелеріне көптеген еңбек арналған. Олармен танысқан соң прозалық мәтінді аударған кезде туындайтын мәселелердің алуандылығына көз жеткізуге болады.

Прозалық мәтінді аудармас бұрын мына мәселелердің басын ашып алу қажет;

Прозалық мәтінді талдаудың экстралингвистикалық өлшемдерін айқындау.

Мәтін және оның тілдік мәдени ерекшелігі, мәтін және оның қоғаммен, дәуірмен үндестігі, мәтіннен тыс болатын пресуппозициялар: көркем шығарма жазылған тұстағы заман шындығы, автордың жеке тұлғасына тікелей қатысты мәтіннің тарихи-мәдени, ақпараттық мазмұны т.б.

Мәтіннің жанрлық стильдік ұйымдасуы: мәтіннің жанрлық-стильдік ерекшеліктері, мәтіннің түрлері және оның жіктелуі т.б.

Мәтінді семантикалық талдаудың негіздерін анықтау: мәтіннің семантикалық, концептуалдық, денотаттық, эмотивтік өрісін талдау;

Мәтінді құрылымдық талдау: мәтіннің прагматикалық, құрылымдық-мағыналық және контекстік-вариативтік мүшеленуі, мәтіндегі байланыс, мәтін жасаушы логика-семантикалық, грамматикалық, прагматикалық байланыстар т.б. [1,32].

Жоғарыда мәтінді аударуда оның коммуникативті-функционалды белгілері басты назарда болуы тиіс екендігіне тоқталып кеткенбіз. Прозалық мәтіннің дайын мазмұны, нысанасы, атқаратын функциясы, тілі мен стилі – мәтіннің коммуникативті функционалды белгісі. Аударма үдерісі, аудармашының жалпы іс-әрекеті, екінші тілден өзіне қажетті тілдік бірліктерді сұрыптап, таңдап алуы, берілген мазмұнды жеткізудегі психикалық ойлау-пайымдау өресі түпнұсқа мәтіннің ерекшеліктеріне мейлінше тәуелді. Өйткені, қалай болғанда да аударма мәтін түпнұсқаның коммуникативтік-функционалды сапасы, яғни коммуникативтік-функционалды сапасы, яғни коммуникативтік эффектісі біршама жақын түсетін нұсқасы болуы тиіс.

Бір тілден екінші тілге аудару үдерісінде мәтіннің жанрлық сипаты да айрықша назар аудартады. Аудармашының аудармашының мәтіннің жанрлық ерекшелігіне орай алдына қоятын мақсат-міндеттері де әртүрлі болып келеді. Сонымен қатар әрбір жанрды аудару заңдылықтарының өзіндік ерекшеліктері бар. Прозалық мәтіннің жанрлық ерекшеліктері екі түрлі тілдің ерекшеліктерін ұдайы салыстырып отыруды қажет етеді.

Прозалық мәтіндер әдетте шағын, орта, кең көлемді болып үш түрге бөлінеді. Академик З.Қабдолов: «Шағын көлемді эпикалық түрге жататын әдеби туындыларда, негізінен, өмір шындығы бір немесе бірер ықшам эпизод мөлшерінде, адам тағдыры бір немесе бірер жинақы оқиға көлемінде ғана көрсетіледі. Оқиғаға қатысатын қаһармандар санаулы, олардың басынан өтетін құбылыстардың бәрі емес, кейбір үзіктері ғана суреттелетін болғандықтан, мұндай шығарманың көлемі де шағын, ықшам. Адам мінезі мұнда көбіне қалыптасқан, дайын қалпында көрінеді. Кейіпкер өмірінің көп бұралаңы – шығарма сыртында – баяндаудан да, суреттеуден де тыс; авторлық материал – нағыз қажетті детальдар мен штрихтар ғана. Шығарманың сюжеттік арқауы ұзақ желілі, арналы даму үстінде емес, қысқа қайырылған келте суреттер түрінде тізбектеледі; композициясы да – жинақы, үйірмді, ширақ» екенін атап өтеді [2,68].

Шағын көлемді *эпикаға тән жанрлық түрлердің бірі – әңгіме*. Әңгіме – қиын жанр. Алдымен көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін, сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуы тиіс. Осы орайда аударма зерттеушісі Ә.Тарақовтың әңгіме жанрының аудармасы туралы мына пікірін келтіре кету керек: «Аудармашы әңгіме жанрын аудару барысында алдымен оны екі қырынан қарастырады: 1) аталған шығармадағы автор ойының толық қамтылғаны; 2) автордың әңгімеге тән құралдармен өзінің ойын айқын жүзеге асыра алуы. Бұдан кейін ғана оның жазылу мәнеріне, тіліне, стиліне көңіл аударылады. А.Твардовскийдің белгілі орыс жазушысы Ю.Трифоновқа: "Әңгімеден бастандар. Он беттік әңгіме жазуға құлшынып көріндер де, әкеліндер деген сөзі проза жазумен айналысушылар үшін әңгіменің ерекшелігін айқындайды. Әңгіменің маңыздылығы, өзектілігі, композициясының нақтылығында, сюжеттік тартыстылығы, өткірлігі автордың көркемдік-идеялық шешімінің айқындылығы, кейіпкерлердің мінез-қылығы әрі олардың нақты іс-әрекетте көрінуі, диалогтың барынша тығыздығы» [3,138]. Л.Н.Толстой "бір әңгімеде бәрін айтумен әуестеніп кетпеңдер" деген ескертпе жасайды. Әңгіме шұбалаңқы болған сайын, оқырман ынтасы кемиді. Ол қарапайым әрі қысқа, нағыз көркемдік жинақылықпен жазылуы тиіс. Сонымен бірге ол өмірлік шындықтың көрінісін дәл, шынайы жеткізуімен де көркем. Алайда ондағы көркемдік қиял, елестетудің өзі өмірмен өзектесуі тиіс. В.Т.Короленко: "Қиялда да өмірлік, көркемдік шындық болуы тиіс. Оқырман қиялға да ақиқат тұрғысынан сене білуі керек" дейді.

Аудармашы аударылатын әңгімелердің түпнұсқасымен ғана емес, қаламгердің тұтастай шығарашылығымен және оған қатысты әдеби зерттеулер, сын мақалалармен де танысуы қажет. Аудару кезінде оның тақырыбының қалайда түпнұсқамен сәйкес келуіне көңіл бөлінеді.

Содан кейін, стильдік, ырғақтық интонациясы сараланады. Әңгіме, новелла – шағын жанр. Аударма кезінде оны негізсіз қысқартып тастау қате. Оның әрбір сөзі, тіркесі аудармалық нұсқада орын алғаны жөн. Сонан соң көркем детальдардың барынша дәл баламалық сәйкестігіне жетудің ерекшелігі зор. Аударылған шығарманың көркемдігі, мазмұн дәлдігі, стильдік сәйкестігі – басты талабы. Осы орайда М.Әуезовтің проза аудармашысына қажетті талабын есте ұстаған жөн. "... ол (аудармашы) аударылатын шығарма авторының стиліне өз стилін байланыстырмайды. Сонымен бірге бұл аудармашы негізгі шығарма авторының тіл, ойлау дүниесіне айрықша ықтият болып, мұқият зер салады. Ол аудармаға сол шығарманың бар материалын біліп алып кіріседі, шығармада суреттелетін халық тарихын зерттейді, кейіпкерлердің дәуірімен, ортасымен терең танысып алады...". Үлкен тәжірибеден туындаған бұл тұжырым қашанда аудармашы қаперінде жүруі тиіс.

Ал, повесть – орта көлемді эпикалық түрдің үлгісі. «... орта көлемді эпикалық түрдің жұрт таныған кейбір жанрлық сипаты – мұнда шағын эпостағыдай бір емес, бірнеше оқиға, адам өмірінің бір, не бірер эпизоды ғана емес, бір алуан кезенді құбылыстары кеңірек, біраз дамытыла суреттеледі. Сондықтан, әңгімеге қарағанда, повестің көлемі де үлкен, сюжеті де күрделі, ондағы өмірлік тартыстардың оқиғаларға тұтаса басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі де әлдеқайда табиғи, заңды, оқиғаға қатынасатын қаһармандар да біреу емес, бірнешеу, кейде тіпті ондап саналады» [4,302].

Прозалық мәтіндерді аударудың дәстүрлі түрде аталатын мынандай түрлері бар: сөзбе-сөз (калька), еркін және балама аудару тәсілдері. Осылардың ішінен прозалық мәтіндерді аударуда көбінесе тиімді әдіс балама аударма болып табылады. Жоғарыда тоқталып өткен түпнұсқаның коммуникативтік мүддесінің аудармада сақталуы, стильдік-прагматикалық ерекшеліктерінің барынша жеткізілуі, екі мәтіннің бір-біріне максималды түрде жақын болуы аударудың балама тәсілі арқылы жүзеге асады. Егер аудармашы сөздің баламасының бір түрінен ауытқыса, онда түпнұсқа мәтіннің ойы өзгеретіні рас. Сондықтан, түпнұсқа мәтіндегі әрбір сөздің функционалдық, коммуникативтік, мазмұндық жағынан баламаларын тауып, бір-біріне сәйкесіп келетін аударманы адекватты, сондай-ақ, түпнұсқа мәтіндегі ойдан алшақтамай, яғни дәлме-дәл жасалған аударма дұрыс болып саналады.

Қазіргі қазақ прозасының антологиясында қазақ тіліндегі прозалық мәтіндер ағылшын тіліне аударылған. Мысалы, Sherkhan Murtaza «Bojtumar», Akim tarazi «Retribution», Kalikhan yskak «A Quiet Autumn», Sayin Muratbekov «The Smell of Wormwood», Kabdesh Zhumadilov «A Beggar Man», Askar Suleimenov «The Old Man», Abish Kekilbaiuly «Lucky Tortoise Grass», Sabit Dosanov «By the Wayside», Mukhtar Magauin «Death of a Borzoi», Bexultan Nurzhekeyev «Death of a Soul», Sofy Smatayev «The Song», Tolen Abdik «The Battlefield of Sanity», Kazhygali Mukhanbetkaliuly «Old Friends», Dulat Isabekov «Growing Pains», Oralkhan Bokek «Kerbügy», Marhabat Baigut «The Kazakhs of Hamburg», Smagul Yelubay «Gift for the Grandson», Didakhmet Ashimkhanuly «Grandmother's Samovar», Jumabay Shashtaiuly «Waking Dream», Alibek Askarov «Mona Lisa», Talasbek Asemkulov «The Old Kùjši», Rakhimzhan Otarbayev «Heavenly White Butterflies», Ttursynzhan Shapay «The Mirror Shrine», Nurgali Oraz «The Nest of the White Cranes», Zhussipbek Korgasbek «Art», Roza Mukanova «The Image of the Eternal Child», Aigul Kemelbayeva «Kôkenaj and Қалқаман», Didar Amantai «Your Cherished Eyes», Dauren Quat «Pygmalion in the Backwoods» атты прозалық туындыларды шетел тілінде оқуға мүмкіндігі пайда болады. Алайда, бұл прозалық мәтіндер қаншалықты деңгейде адекватты аударылғаны жайлы ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы ғана нәтижесін көруге болады.

Әрбір автор өзінің бөлек үнімен, нақышты суретімен тұнық сезімді кәусар шығармаларымен, әрқилы сыры мол мінез шеберлігімен ерекшеленеді. Сондықтан,

аудармашының қаламынан туындаған аударманың көркемдік шеберлігінің сырын анықтау үшін көптеген зерттеулер жүргізу керек ететіні анық. Оның әрбір сөз қолданысының терең сырына, өзіндік бояуына үңілу қажет. Дегенменде, бұл мәселе әлі талай ғылыми еңбектердің нысаны болары анық. *Біз бұл мақалада аударманың өзекті мәселелеріне қатысты кейбір жайттарға ғана тоқталдық.* Бұл туралы кеңінен сөз қозғау болашақтың ісі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Е.Адаева Прозалық мәтін және көркем аударма мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2011.-120 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті. 1992. – 399 б.
3. Тарақов Ә. Аударма әлемі. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 242 б
4. Алдашева А. Аударматану. – Алматы: Арда, 2006. – 245 б.